



(pprk.kz)

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №111 (6562) 31 желтоқсан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ, КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Міне, тағы бір жылды түйіндедік. Біз, қадірлі оқырман, сіздермен бірге ару Алматының бір жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы айтулы жетістіктерді бірге бөлістік. Иә, саясат, мәдениет, руханият, білім, денсаулық, спорт саласы болсын, талай жетістікті, жарқын істерді біз де мүмкіндігінше қалың орман оқырманымызға дер кезінде жеткізіп отырдық. Сөйтіп, алып мегаполистің тыныс-тіршілігімен бірге тыныстап, бірге қуандық. Мерейіміз де бірге тасыды. Демек, біз ізгілікке толы әсем Алматымен жыл санап бірге биіктеп келеміз.

Арайлап атқан әрбір таңнан жақсылық күтетін халықпыз. Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Әлбетте, адам баласы үмітпен тыныстайды. Үміт – берекенің, табыстың кілті. Үміт өрге тартады. Жылдарды жалғайтын сол үміт.

Құрметті оқырман, біз Сіздермен әрқашан біргеміз! Тағы бір жылды өздеріңізбен бірге қорытындылап, тарих қойнауына шығарып салдық, міне! Жаңа жылда амандықта жүздескенше!

(Жылжабар нөміріміздің айтулы материалдарын ішкі беттерден оқи аласыздар).



Қолжазды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ.

2024: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ

A K O R D A

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН:
ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ,
ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



2024 жыл Қазақстан үшін елеулі оқиғаларға толы болды. ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәли «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Елдігімізді танытқан ерен жыл» мақаласында Мемлекет басшысының жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасады. Берік Уәлидің мақаласы 2024 жылдың негізгі оқиғалары мен жетістіктерін қамти отырып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді дамыту жолындағы қажырлы еңбегін көрсетеді.

Мемлекет басшысының баспасөз қызметі ұсынған бұл материал елдің болашақ даму бағытын айқын көрсететін құнды қорытынды ретінде бағаланады.

2-5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

31.12.2024

Түнде:



-1 -3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (көбінесе қар), көктайғақ. Кей уақытта тұман.

Күндіз:



0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (көбінесе қар), көктайғақ. Таңертең тұман.

1.01.2025

Түнде:



-3 -5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+1 +3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

2.01.2025

Түнде:



-4 -6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



0, +3 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар.

www.aqshamnews.kz



2024: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасап, қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық даму-дағы іргелі өзгерістер мен табыстарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік.



Президент биыл жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңіріне барды. Аймақтардағы 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандармен танысып, жұртшылықпен кездесті. Сондай-ақ, ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысты. Олардың қатарында форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен жиындар бар. Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы осы жылы 3979 құжатты қарап, қол қойды. Оның ішінде 95 заң, 319 жарлық, 81 өкім, 28 отырыс хаттамасы, 3456 қызметтік құжат қабылданды (25 желтоқсандағы мәлімет бойынша).

Сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті. Сондай-ақ, шет мемлекеттердің және үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен 49 мәрте телефон арқылы сөйлесті.

Енді осы сандармен өрнектелген жұмыс кестесінің барысында ел игілігі үшін жасалған істерге назар аударайық.

Ең әуелі, жыл басындағы ақжолтай жаңалықты айта кеткен абзал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойды. Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылды. Осылайша келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды. Бірнеше жылдан бері талкыланып келе жатқан жаңа урбанистік жобаны жүзеге асыруға шетелдік инвесторлар айрықша қызығушылық

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы бірқатар елге барды:



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

ПРЕЗИДЕНТ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
2024 ЖЫЛЫ

- 23 рет шет мемлекеттерге сапарлады;
- 19 халықаралық форум мен саммитке қатысты;
- Халықаралық іс-шаралар аясында шетел басшыларымен 27 рет кездесті;
- шет елдердің мемлекет және үкіметтері басшыларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді;
- 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады;
- Мемлекеттер басшыларымен 49 мәрте телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан 2024 жылы 6 негізгі халықаралық ұйымға төрағалық етті: ШЫҰ, ТМУ, АӨСШК, ҰҚШҰ, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы, Халықаралық Аралды құтқару қоры. Франциямен бірге One Water саммитін ұйымдастырды.

танытып отыр. Президент Сингапур сапарында және одан кейін де әлеуетті инвесторлармен кездесіп, Алматы агломерациясын өркендеген экономикалық аймаққа айналдыруды көздейтін жобаның жай-жапсарын талқылады.



Ұлт ұпайын түгендеген Құрылтай

Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында – Атырау облысында өтті. Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты

құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар, Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай, биыл Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігі туралы Заңға қол қойылды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Вандализм мен

өзгенің мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, вейпке тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды. Аталған бастамаларға қатысты заң жобаларын әзірлеуге Парламент депутаттарымен қатар, Ұлттық құрылтай мүшелері де белсенді атсалысты. Осылайша Президент үнемі айтатын «Заң мен Тәртіп» үстемдігі қоғамда біртіндеп орнығып келеді.



ЕРЕН ЖЫЛ

Бірліктің бекем үлгісі

Көктемгі су тасқыны елді әбігерге салып, халықтың да, мемлекеттің де мүлкіне зор зардабын тигізгені белгілі. Еліміздің 10 өңірінде жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы адамдарды дереу қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берді. Ең көп зардап шеккен үш облысқа, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Тасқын судың салдарынан мал-мүлкінен айырылған жандардың ешқайсысы елеусіз қалған жоқ. Мемлекет міндеттемесін толық орындады. Зардап шеккендердің бәріне материалдық, қаржылай қолдау көрсетілді.




Атап айтқанда, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар жұмыс істеді, олар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19 359 үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5767 тұрғын үй сатып алынды. 9156 үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жүз пайыз аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ, қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2680 жеке тұрғын үй салынды. Бұған қоса, 36 455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, яки 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21 876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлінді. Зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілеріне толық төлем жасау мақсатында «Демеу» корпоративтік қорынан Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына 2,5 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлу мәселесі пысықталды. Аталған қаражат есебінен ШОБ субъектілерінің 40 өтініші бойынша шығыны өтелді. Жалпы, өңірлік комиссиялар 14,6 млрд теңгеге 734 кәсіпкердің өтінімін мақұлдады.

Тағы бір айта кетерлігі, мал шығынын төлеу үшін мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің көлемі 2,8 млрд теңгеден асты. Осындай қиын-қыстау сәтте халқымыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті.

Алыс-беріс артты

Жыл басында, яғни 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуді тапсырған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Президент еліміздің таяу келешектегі экономикалық дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындады. Үкімет жыл бойы осы негізгі міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін жұмсады.



Мәселен, 2024 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша шет елден келетін тікелей инвестицияның жалпы көлемі 9,8 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш тау-кен өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, өңдеу өнеркәсібі салаларында көбірек тіркелді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі қаңтар-қараша айларында 15,8 трлн теңгеге жетті. Бүгінде 795,9 млрд теңге көлеміндегі сомаға 134 жоба іске қосылды, 10,1 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Мемлекет басшысы жаңадан жұмысын бастаған бірнеше ірі зауыт пен кәсіпорынға арнайы барып, қызметімен танысты.

Барыс-келіс жеңілдейді

Еліміздің көлік-транзит әлеуетін арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктер бар. Мысалы, Президент 28 ақпанда телекөпір арқылы Қытайдың Сиань қаласындағы Көлік логистика орталығын ашты.

Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.



Сиань құрғақ портындағы қазақстандық терминалдың жобалық қуаты жылына – 66,5 мың ЖФЭ (жиырма футтық эквивалент). Терминал еліміздің экспорттаушылары үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

3 шілдеде Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Қытай – Қазақстан – Каспий теңізінің акваториясы – Әзербайжан – Грузия арқылы өтіп, әрі қарай Еуропа елдеріне баратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты уақыт жағынан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді көлік жолына айналады.

Сонымен қатар, Өзбекстанмен арадағы көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту және Трансауған теміржолы бағытын дамыту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде 1,4 мың шақырым теміржол жөндеуден өтіп, 12 мың шақырым автокөлік жолы салынып жатыр. «Талдықорған – Өскемен», «Қарағанды – Алматы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» жолдарының халықаралық талаптарға сай жаңғыртылуы еліміздің өңіраралық байланысы мен транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыра түседі.

Осы орайда, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары қаншама жылдан бері күткен Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір құрылысы аяқталғанын айта кеткен ләзім. Бұл Марқакөл, Күршім аудандарының облыс орталығымен байланысын жеңілдетті. Бұған дейін аталған аудандардың халқы паром арқылы қатынап келген еді.

Еліміз жол инфрақұрылымына халықаралық даму институттарынан мол қаржы тартып отыр. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк Көлік жолдарының орнықтылығы мен байланысын жетілдіру бағдарламасы (TRACE) аясында атқарылатын қазақстандық жобаға 650 млн доллар бөлу жөнінде шешім қабылдады. Бұл қаржы Орта дәліздің әлеуетін арттыруға, соның ішінде «Жезқазған – Қарағанды» автомагистралін күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалады. Сондай-ақ, Азия даму банкі «Қызылорда – Жезқазған» жолының құрылысын жүргізуге 300 млн доллардан аса қаражат бөлді.


Әлеуметтің әлеуетін көтерген жобалар



2024: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН

Президенттің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елдімекендерде 460 мың оқушыға арналған жаңа 217 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 36 мектеп пайдалануға берілді. Оның 15-і ауылдық елдімекендерде орналасқан. Бұл – білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту ісінде қала мен ауылға бірдей көңіл бөлінеді деген сөз.



Ал бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін 276 нысанның құрылысы аяқталды. Оның 99-ы 2023 жылы, ал 117-і биыл іске қосылды. Келер жылы 125 нысанның құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 32 аудандық аурухананы жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

Биыл рекордтық өнім жиналды

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыруға айрықша мән береді. Шет елге сапарлары кезінде осы саланың инвестициялық мүмкіндіктерін ұдайы таныстырып жүреді.



Биыл көктемгі су тасқынына қарамастан, 26,7 млн тонна астық жиналды. Бұл – кейінгі 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Мұны мемлекеттің дикандарға көрсеткен жүйелі қамқорлығы мен қолдауының нәтижесі деуге болады. Көктемгі егін және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеммен тікелей жеңілдетілген несие беріле бастады. Ол үшін алғаш рет жарты триллион теңгеден аса қаржы қарастырылды.

Негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайту – маңызды міндет. Осы бағытта бірқатар жоба іске асырылды. Дәнді-дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Дикандар отандық тұқыммен қамтамасыз етілуге тиіс.


Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8–10 пайызға дейін жеткізу үшін 120 млрд теңге бөлінді. Техниканы 5 пайыздық мөлшерлеммен лизингке беру бағдарламасы басталды.

Өндірілген азық-түлікті сақтап, тұтынушыға жеткізуге қойма-логистика кешендері керек. Алдағы жылдары сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салынады.

Жалпы, биыл алғаш рет өткен Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі міндеттері айқындалды. Онда көптеген іс-шарамен қатар, қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданғаны айтылып, енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам ретінде Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құру жөнінде тапсырма берілді.

Баянды бастамалар


Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Яғни қоғамда адал еңбек, адал азамат құндылықтарын сіңіру жолындағы



жүйелі істер атқарыла бастады. Мысалы, денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты заң медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін айқындап қана қоймай, олардың мәртебесін арттыруды, кәсіби міндетін атқару барысында жан-жақты қорғауды көздейді. Дәрігерлер қауымы бұл жаңалықты ыстық ықыласпен қабыл алды. Тұңғыш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы бекітіліп, алғашқы иелеріне табысталды. Жалпы, биыл мемлекеттік наградаға еңбегімен үлгі болып жүрген ел азаматтары көп ұсынылды. Келер жылы бұл игі дәстүр жалғасын тауып, еңбек адамына зор құрмет көрсетіледі.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы білім мен технологияға негізделген экономика құру ісіне зор көңіл бөледі. Мұның бір көрінісі ретінде биыл Ғылым және технологиялық саясат туралы заңға қол қойылуын айтуға болады. Онда ғылыми жетістіктердің нәтижесін өндіріске енгізуді көздейтін технологиялық саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктері барынша қамтылды.

Тазалық әркімнің өзінен басталады



Президенттің бастамасымен сәуір айында жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Көктемгі су тасқынымен арпалысып, дағдарған шақ болса да, Президент өңір әкімдеріне босаңсымай, айналаны тазалау, абаттандыру ісіне дереу кірісуге пәрмен берді. Бұл жалпыұлттық сипат алатын тұрақты үдеріске айналуға тиіс екенін қатаң ескертті. Түпкі мақсат – қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Жыл бойы жүргізілген акцияға 2,4 миллионға жуық адам қатысты. Жүздеген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан аса қоқыс шығарылды. Шамамен 2,5 миллион көшет отырғызылды. 20 мыңнан аса әлеуметтік нысанның аумағы, 4,6 мыңнан аса қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. 5 мыңнан аса тарихи-мәдени нысан және 758 субұрпақ ретке келтірілді. Өзендер мен көлдердің және басқа да су айдындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден аса аумақ, 8,4 миллион метрден аса арық тазартылды.

Тағдыршешті таңдау

6 қазан күні АЭС құрылысына қатысты өткен жалпыұлттық референдумда халық өз ықтиярын білдіріп, таңдау жасады. 5 561 937 азамат немесе дауыс берушілердің 71,12 пайызы АЭС салуды қолдады. Президент АЭС құрылысына байланысты «Бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр стансасын салу – ұзақмерзімді жоба. Аталған бастама еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен әртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек, оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді», деп атап өткен болатын.

Референдумнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік сапары аясында осы елдің Президенті Эммануэль Макронмен және Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинмен АЭС құрылысы туралы пікір алмасты. Қазіргі уақытта Қытай тарапымен осы бағытта келіссөздер




ЕРЕН ЖЫЛ

жүргізіліп жатыр. Яғни бірнеше жылға созылатын мегажобаны жүзеге асыру атом өнеркәсібінде мол тәжірибесі бар ірі компаниялардан құралған халықаралық консорциумға жүктеледі.

Жуырда Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдап, елімізде салынатын атом электр стансасының құрылысын жеделдетуді тапсырды.

Халықаралық байланыс




Еліміздің сыртқы саясаттағы жетістіктеріне арнайы тоқталған жөн. Қазақстан биыл алты халықаралық ұйымға, атап айтқанда, ШЫҰ, ТМҰ, АӨСПК, ҰҚШҰ-ға, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етті. Франциямен бірге Рияд қаласында One Water саммитін ұйымдастырды. Осы жауапты миссияларды еліміз абыроймен атқарып шықты. Жоғары деңгейдегі кездесулерде маңызды бастамалар көтеріп, тиісті құжаттардың қабылдануына ұйытқы болды. Егемен әрі дербес ел ретінде өзінің саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздік салаларындағы басымдықтарын ілгерілетте түсті.

Жыл басынан бері Мемлекет басшысы Қатар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Моңғолия, Франция және Мажарстан елдеріне мемлекеттік сапармен, ал Италия, Ватикан, Армения, Түрікменстан және Сербия елдеріне ресми сапармен барды. Мұндағы кейбір елдерге Қазақстан Президентінің соңғы 20 жылға жуық уақыттан кейін алғаш рет сапарлағанын атап өткен жөн. Бұл Мемлекет басшысының жан-жақты ықпалдастыққа баса назар аударатынын аңғартады. Мемлекеттік және ресми сапарлардан бөлек Президент түрлі халықаралық іс-шараларға қатысу үшін 11 елге жұмыс сапарымен барды. Бұдан басқа, елімізге түрлі деңгейдегі сапармен келген 11 шет мемлекеттің басшыларын қабылдап, келіссөздер жүргізді.

Бір жыл ішінде еліміздің бірінші борты 158 983 шақырымды ұшып өтті. Президент ұшақ пен тікұшақта 245 сағат 18 минутын өткізді. Бұл – жер шарын төрт рет айналып шыққанмен бірдей қашықтық.

Салиқалы саммиттер



Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық аясында шілде айында Астанада аталған құрылымның 24-саммиті өтті. Қазақстанның Ұйымға төрағалық ету кезеңінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ұйымның шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықты. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың саны көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды.

Алматы қаласы 2023-2024 жылдары ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.

Биыл еліміз Түркі мемлекеттері ұйымына лайықты төрағалық етті. Осы кезеңде 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылды. Ортақ түркі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Бес күн бойы Ұлы дала төсін дүбірге бөлеген V Дүниежүзілік көшпелілер ойындары осы ұйымның аясында ұйымдастырылған ең маңызды шараның бірі болды. Дүбірлі додаға 90 елден 2500-ге жуық спортшы келіп, күш сынасты.

Баспасөзбен байланыс




Мемлекет басшысы отандық және шетелдік БАҚ-қа бірнеше рет сұхбат беріп, еліміздің ұстанымын білдіретін мақалаларын жариялады. Атап айтқанда, жылдың алғашқы күндері «Egemen Qazaqstan» газетінде кең көлемдегі сұхбаты жарық көрді. Онда Қаңтар оқиғасына нақты баға беріліп, ел дамуындағы өзгерістер қамтылды.

Сондай-ақ, Әзербайжанның АРА, Арменияның «Арменпресс», ҚХР-дың «Синьхуа» ақпарат агенттіктеріне және «Жэньминь Жибао» газетіне сұхбаттары, Францияның Le Figaro, Ресейдің «Известия» басылымдарына мақалалары жарияланды.

Биыл Мемлекет басшысы екі рет журналистерге арнап брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс бергеннен кейін Президент отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Ал 7 желтоқсан күні Доха форумының Newsmaker Interview форматындағы панельдік сессиясы кезінде модератор, CNN журналисі Джулия Чаттерлейдің сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ, Президент шет мемлекеттер басшыларымен бірге БАҚ өкілдеріне арналған 14 брифинг өткізді.

Жыл басынан бері www.akorda.kz ресми сайтына Мемлекет басшысының жұмысы туралы, соның ішінде әртүрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулері, Қазақстан халқына Жолдауы бойынша 814 ақпарат жарияланды. Президент Баспасөз қызметінің негізгі платформасының бірі – Aqorda телеграм-арнасына 7804 ақпараттық материал шықса, Баспасөз қызметінің Facebook-тегі парақшасына 1801 пост, Instagram парақшасына 1727 пост жарияланды.



Мемлекет басшысының өзі де шет елге сапарлары, қабылдаған шешімдері жайында әлеуметтік желілердегі парақшаларына пост жариялап, олардың мән-мазмұнынан көпшілікті хабардар етіп отырады. Бұл халықпен кері байланыстың тиімді құралына айналғаны сөзсіз. Жыл басынан бері Президент X-парақшасына 20 твит, ал Instagram парақшасына 30 пост жариялады.

Әлеуметтік желіден бөлек Мемлекет басшысының атына келіп жатқан өтініш, арыз-шағымдар мен талап-тілектерді талдап, саралау Президент Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне жүктелген. Биыл 26 желтоқсандағы мәлімет бойынша, дәл осы платформа арқылы азаматтардан 49 069 өтініш қабылданды.

Бір жылда атқарылған ауқымды шаруаны бір мақаланың шеңберінде қамтып шығу әсте мүмкін емес. Дегенмен, жұрт жадында сақталған, мемлекеттің даму тарихында өзіндік орны бар оқиғаларды осылай сараптап өттік.

Берік УӘЛИ,

ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы.

БЕЗЕНДІРУ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЯЗ АТАНЫҢ
КИІЗ ҮЙЛЕРІ
мерекелік көңіл күй сыйлады

Алматыда Аяз Атаның ұлттық стильде безендірілген мерекелік киіз үйлері пайда болды. Олар қаланың үш көрнекті жерінде: Астана және Абай атындағы алаңдарда және Арбатта орнатылған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аяз Ата қонақтарды қарсы алатын киіз үйлердің есігі келушілер үшін күн сайын сағат 15.00-ден 21.00-ге дейін ашық болады. Қала тұрғындары мен қонақтары 31 желтоқсанға дейін Жаңа жылдың басты кейіпкерімен суретке түсіп, қуаныш пен ғажайыптар атмосферасына ене алады. 31 желтоқсанда киіз үйлер Астана алаңында түн ортасына дейін жұмыс істейтін болады, ал 2025 жылдың басталу сәтінде мұнда жаңажылдық концерттен кейін отпашу болады.

Жаңа жылға дейінгі қалған күндерде киіз үйлердің жанында түрлі шығармашылық шеберханалар, қызықты ойындар, безендірілген сахналарда жанды қойылымдар және сүйікті жаңажылдық кейіпкерлермен кездесулер өтеді.

Шеберлер мен қолөнершілер бүкіл отбасы үшін шеберлік сабақтарын өткізеді, онда қонақтар өз қолдарымен ерекше жаңажылдық ойыншықтар жасай алады. Ағаш шырша ойыншықтарын безендіру, кружжаларды жарқын суреттермен және сәндік элементтермен безендіру, музыкалық қораптар жасау және жаңажылдық тақырыпта гипс фигураларын жандандыру мүмкін болады. Бұл сабақтар барлығына өздерін нағыз шебер ретінде сезінуге және мерекенің бір бөлігін өздерімен бірге алып кетуге мүмкіндік береді.

ТУРИЗМ

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Алматыда қонақүй бизнесі дамып келеді

Алматы еліміздің жетекші туристік орталығының бірі ретінде позициясын нығайтып келеді. 2024 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша қалада 366 орналастыру орны жұмыс істеп, нөмірлік қоры 11,4 мың болды.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Біржолғы қабылдау сыйымдылығы 22,3 мың орыннан асты, ал көрсетілген қызмет көлемі 27,6%-ға өсіп, 70,2 миллиард теңгеге жетті. Сонымен қатар, қонақүйлер қызметінен түскен салық түсімі 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында екі есе өсіп, 9,8 миллиард теңгеге жетті.

Биыл жеке инвестициялардың арқасында Алматыда 35 жаңа орналастыру орны ашылды, оның ішінде 20 қонақүй, 4 глэмпинг, 8 хостел және 3 шағын қонақүй бар. Жалпы, 836 нөмір пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, қалада глэмпингтер мен хостелдер сияқты жаңа орналастыру форматтары пайда болды. Жаңа шешімдердің қатарында капсулалық қонақүйлер бар, олар шағын әрі заманауи түру жағдайын ұсынады. Сонымен бірге, туристердің әртүрлі қажеттілігін ескеретін әртүрлі орналастыру форматтары да енгізілуде.

Қазіргі уақытта қонақүйлерді салу бойынша 30 жаңа жоба бақылауда. Жалпы инвестиция көлемі шамамен 336,3 миллиард теңге. Бұл жобалар аясында 4415 нөмір салу жоспарланған:

- 1125 нөмірі бар 7 нысан құрылыс сатысында (68,3 млрд теңге);
- 3290 нөмірі бар 23 нысан жобалау сатысында (268 млрд теңге).

Инвесторлар қонақүй салуға қызығушылық танытып,

ҚЫСҚЫ КӨҢІЛ КҮЙ

МҰЗДАҒЫ
МЕРЕКЕЖаңажылдық шоу
қалалықтарды
тамсандырды

Жетісу ауданының «Гүлдер» саябағында «Жаңажылдық мұздағы шоу» атты мұз үстіндегі мерекелік қойылым өтті. Мұздағы мерекеге тек ауданның ғана емес, қаламыздың танымал мәнерлеп сырғанаушылары қатысты. Барша қала қонақтары мен аудан тұрғындарын Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебаев құттықтады.

Рая
ЕСКЕНДІР

– Жаңа жыл қарсаңында ауданымызда көптеген іс-шаралар өтіп жатыр. Әсіресе, мұздағы мерекелік шоуға келіп, оны тамашалап жатқандардың қарасы тым көп. Өйткені, спорттың бұл түрі әдемілігімен ғана емес, күрделілігімен де ерекше. Сондықтан біз жаңа жыл



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАҢА БАЛАБАҚША
АШЫЛДЫ

Жетісу ауданының «Айнабұлақ» ықшамауданында жаңадан ана тіліндегі мемлекеттік балабақша ашылды. Бұл аудан көлеміндегі саны жағынан 23-ші мемлекеттік балабақша. Аудан әкімшілігі бұған дейін қараусыз тұрған ғимаратты кішкентай тұрғындар игілігіне беру туралы шешім қабылдаған еді. Осылайша 160 орынды балабақшаның құрылысы 2022 жылдың мамыр айында басталған болатын.

Сонымен, екі қабатты балабақша заман талабына сай салынған. Балабақша ғимараты – екі қабатты, техникалық алаңы бар. Ғимараттың бірінші қабатында кіші және орта топтар, дәрігер кабинеті, ем-шара кабинеті, кір жуатын орын, ас блогы, вестибюль, лифт, персоналға арналған санитарлық торап, басқа да қызмет көрсететін бөлмелер орналасқан. Балабақшаның екінші қабатында ересектер мен мектепалды дайындық тобы, музыкалық және гимнастикалық сабақтарға арналған зал, әдістемелік кабинет, шаруашылық меңгерушісі кабинеті, персоналдық топ, психолог және логопед кабинеті, оқытушылар бөлмесі, персоналға арналған санитариялық торап, шаруашылық қоймасы бар.

– Жаңа балабақшаның ашылуы білім беру мекемелеріндегі орын тапшылығы проблемасын шешуде айтарлықтай қадам жасады. Осы балабақшаның есебінен көптеген балалар мектепке дейінгі білімді алып, табысты болашақтың іргетасын қалайды. Жаңа балабақшаның қабырғасында еліміздің кішкентай азаматтары тек оқып, ойнап қана қоймай, шығармашылық ортада өз қабілеттерін дамытатын болады, – деді Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ЖЫЛ РЕТІН
ЖҮЙЕЛЕГЕН
ЖӨН»2025 жыл қай хайуанаттың
атымен аталуға тиіс?

Осы тақырыппен газетімізде жарияланған мақаламызда («Алматы ақшамы». 30 наурыз, 2024 жыл) қазақтың жыл санау ретіне байланысты ойымызды білдірген едік. Бұл мәселе әлі де өзекті деп ойлаймын.

VII және VIII ғасырлардан бері әр жылға телініп, қолданылып келе жатқан хайуанат аттары, әрине, бірқатар өзгерістерге түскені рас. Кейбір жыл атаулары көрші елдерден, туыс ұлттардан ауысып келуі де ғажап емес. Қазіргі қолданыстағы: **Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз** атауларының орналасу реті көңілге кірбін ұялатады.

«Жас кезімде мүшел мен жыл қайыру әңгіме болғанда ауыл қарттары «жыл бір жыл адал, бір жыл арам хайуаннан кезектесіп келіп отырады» деуші еді. Бірақ олай емес, қолданыста басқаша көрініс табуда. Адал мен адал, арам мен арам қатар келіп жатады. Сен осыны жазшы, көп жылдан бері қазақы пайым төңірегінде әңгіме қозғап, ұлттық құндылығымыздың қағыс қалмауына үлесінді қосып жүрсің ғой», – деді қазақтың көрнекті ақыны, белгілі сыншы Аян Нысаналин бір жолыққанда арнайы әңгімеге тартып.

Аян ағаның сөзін тірілтік келіп отыр. «Бір адал, бір арам алмасып келіп отырады» деген сөзді марқұм анамнан мен де талай естіген едім. «Қазақ және тағы біраз халықтар жыл қайыруында жыл аттарының қалай құрылғаны туралы негізгі принципі бұзылып кеткен: екі адал – жылқы мен қой қатар тұрып алған...», – деп жазыпты Ғабит Мүсірепов. Академик жазушының ашына жазғаны аңғарылып-ақ тұр. Әрине, біреуді кінәлаудан аулақпыз. Кешегі қызыл империяның кезінде жыл реті түгiлi сөз ретiн, ай атауы былай тұрсын, өз атымызды да ұмытқан кездер болды ғой.

Жылқы мен жыланның орнын ауыстырса болды, ары қарай бір адал, бір арам болып ретiмен кете бередi. Сонда жыл ретi төмендегiдей болып шығады: **ТЫШҚАН, СИЫР, БАРЫС, ҚОЯН, ҰЛЫМА (ҰЛУ), ЖЫЛҚЫ, ЖЫЛАН, ҚОЙ, МЕШІН, ТАУЫҚ, ИТ, ДОҢЫЗ...**

30 жылдан астам уақыттан бері тәуелсіз елміз. Қоғамымыз өзгеріп жатыр. Әділетті Қазақстан құру жолында құлшыныс үстіндеміз. Өзге өркениетті елдер сияқты өзімізге ғана тән ұлттық құндылықтарымызды құнттағанымыз, бабалар жолын ұмытпағанымыз жөн емес пе? «Ештен кеш жақсы» дегендей, әлі де әрекет жасап, табандылық танытуымыз керек!..

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ.

МЕРЕЙ

«Алматы Энергетика және электронды техникалар колледжінде» оқу ордасының 60 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Мерейтойлық жиынға аталмыш оқу ордасында ұзақ жыл қызмет еткен еңбек ардагерлері мен қаламыздағы басқа да оқу орындарының басшылары қатысты. Осынау жылдар ішінде оқу ордасы ел өмірінің дамуына елеулі үлесін қосты.



Рая
ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЗАМАНАУИ КОЛЛЕДЖ

Жалпы, жарықсыз, электрсіз алға басып, даму еш мүмкін емес. Елімізде АЭС құрылысының қолға алынып жатқаны да сондықтан. Сол алпауыт станцияның болашақ мамандарын да даярлап шығаратын осынау оқу орны болғандықтан үлкен жұмыстар қолға алынып жатыр.

Бірнеше кезеңді басынан кешкен оқу ордасы алғашында «Энергоқұрылыс техникумы», «Энергетика және электронды аспап жасау колледжі», «Энергетика және электронды техникалар колледжі» деп сан салаға өзгерді. Аталмыш оқу ордасының атауы заман талабына қарай өзгеріп, нарыққа қажетті мамандар даярлады. Әлі де осынау жауапты жолда келеді.

Нәтижесінде 60 жыл ғұмырында 30 мыңға жуық сұранысқа қажетті мамандар даярлады. Мерейтой аясында бірнеше оқу орталығы «TESLO» ЖШС және «SMART LIGHT GROUP» ЖШС қолдауымен Ақылды үй» автоматтандырылған басқару жүйесі шеберханасы, «KAZ ENERGO POWER» ЖШС қолдауымен «Релелік қорғаныс және автоматика» шеберханасы, «Legrand» компаниясының қолдауымен «Электр жабдықтарын орнату» шеберханасы ашылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бағдәулет АБЫЗБАЕВ,
Алматы Энергетика және электронды технологиялар колледжінің директоры:

– Қазіргі кезде колледжімізде 1500-ден астам студент білім алып жатыр. Олар күндізгі және сырттай бөлімдерде білім алады. Оқу мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. Колледж

еліміздегі ең алдыңғы оқу орнының бірі деп танылса, бұл ең алдымен материалдық-техникалық базаға да байланысты. Біздің колледж заманауи оқу орындарының бірі. Үш оқу корпусы бар. Сонымен қатар, 33 оқу кабинеті, 30 лаборатория, 14 оқу-өндірістік шеберханасы бар. Білікті маман даярлау үшін ең алдымен оқытушы өз білімін заман талабына сәйкес жетілдіріп отыруы керек. Осы орайда соңғы жылдары 60-тан астам оқытушымыз АҚШ, Англия, Чехия, Германия, Түркия, Франция, Сингапур, Малайзия, Венгрия, Словакия, Жапония, Бразилия, Беларусь мемлекеттеріне барып, біліктіліктерін көтеріп қайтты. Біздің колледж сапалы білім берумен қатар, салауатты ұрпақ тәрбиелеу жолында да үнемі белсенділік танытып келеді. Еліміздің энергетика саласын дамыту үшін біз қашанда өз үлесімізді қосуға дайынбыз!

БАЛА ТІЛІ – БАЛ

АЯЗ АТАҒА ХАТ

№138 гимназияның 3-сынып оқушылары
Жаңа жылдан не күтеді?

«Жаңа жыл біздікі емес», «Аяз ата деген кім ол?» дейтін үлкендер бар. Иә, біз естияр адам болған соң, ондай атаның жоқ екенін білеміз. Ал періште көңілді бала Аяз атаға сеніп, оған хат жазса, несі айып?! Баланың бала шағында аппақ парақтай таза, періштедей пәк болғаны, жақсылыққа сенгені, үміттенгені жақсы емес пе. Таза баладан таза адам шығады. Тіпті, кейде өзіміз, үлкендер де алдағы күндерден үміттенеміз.

Алматыдағы Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназияның 3-сынып оқушылары Аяз атаға хат жазыпты. Кәне, бірге оқып көрейік.

Мен Аяз атаға сенемін. Былтыр маған робот ойыншық сыйлаған. Биыл дрон сыйласа деймін. Үйге шырша қондырып, оны әдемілеп қойдык. Былтыр Жаңа жылда ақылды болғанмын, биыл да ақылды боламын. Сізді күтемін, Аяз ата!

Елжан ЕЛТАЙҰЛЫ.

Аяз ата, мен сізге арнап тақпақ жаттап қойдым. Маған Жаңа жыл түні кітап сыйлаңызшы, аты – «Бауырсақ». Аяз ата, сосын кэмпит, сөмке, пенал, аяқкиім, жемпір, велосипед, шар әкеліңізші. Күтемін!

Бақыт БАТЫРБЕК.

Мен Аяз атаға сенбеймін, бірақ сыйлық аламын. Өйткені, мен Жаңа жылға деп сыйлық айтып қойдым. Аяз ата шын өмірде жоқ, біз сыйлықты әкемізден аламыз. Сыйлықтарымызды әкеліп түнде тығып қояды.

Алима ХАЙБҰЛЛА.

Маған ойыншық керек емес. Өзімде бар. Мен Аяз атаға хат жазбадым. Өйткені, оны



танымаймын, көрмедім. Бірақ мен оны жақсы көремін. Армандардың бәрін орындайды дейді. Барлық бала бақытты болсын деймін.

Нұрсай ЖҰМАБЕК.

Құрметті Аяз ата! Қалыңыз қалай? Сізді жылда күтеміз. Біз үйге шырша құрып қойдық. Сізге арнаған осы хатымды сол шыршаның астына қоямын, жарай ма? Аяз ата, маған шахмат сыйлаңызшы. Мен шахмат ойынын жақсы көремін.

Мен үшін биылғы жыл жақсы өтті. Спорттық жарыстардан жүлделі орындар алдым. Мен сізден сыйлығымды асыға күтемін.

Ерқасым ЕРМАХАН.

Сәлеметсіз бе, Аяз ата! Осы жылы сыйлыққа қылыш алғым келеді. Мен жыл бойы тәртіпті бала болуға тырыстым.

Махамбет ӘМІРХАН.

Аяз ата, мен сізді аспанда тұрады деп естідім. Мен сізге сенемін. Мен Алматы қаласына Қызылордадан көшіп келдім. Маған бұл қала ұнамады. Туған жерімді сағындым. Маған үлке-е-ен қызғылт қонжық сыйлағаныңызды қалаймын. Былтыр үлкен шоколад алғанмын. Әлемде тек жақсылық болып, тек жақсы адамдар көбейсінші.

Айзере СЕРІКОВА.

Аяз ата, қалай жағдайыңыз? Менің атым Жасмин. Мен 8 жастамын. Ақылды қызбын. Анама және әкеме үй шаруасына көмектесіп жүрмін. Мен кэмпитті жақсы көремін. Маған Жаңа жылға сыйлық ала келіңізші. Ақшаңыз жетіп жатса, ата-анам да сыйлық ала келіңіз. Бірге қуануға жақсы.

Жасмин АЙДАРҚЫЗЫ.

Аяз ата, сізге өткен жылы да хат жазғанмын. Рахмет, тілегімді орындадыңыз. Тағы да орындайды деп сенемін. Аяз ата, өтініш, маған жаңа жылға планшет берсеңіз бе, сурет салуға болатын, ұнамаса, өшіріп, қайтадан салуға болатын түрінен керек. Сізге алдын ала рахмет айтамын.

Әсел МАРАТ.



Нұржамал
ӘЛШЕВА,
«Ақшақар».

КІТАП ОҚУ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Алматы кітапханалары – қаланың мәдени өмірінің айнасы

Алматы – мәдениет пен өнердің ордасы. Мұнда жастар шоғыры басым. Демек, білім мен ғылым іздейтіндердің қатары артып жатыр деген сөз. Сондықтан жас өрендерді білім нәрімен сусындату үшін атқарылар игі істер көп. Қазір қалада кітап оқуға, оқырманның жағдайына жақсы көңіл бөлініп келеді. Сондықтан бізге сапалы білім, зейінді ұрпақ, кәсіби маман дайындау үшін кітапханалардың ахуалын жақсарту түсу қажет. Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының басшысы Аян ЖОЛДАСОВТЫ әңгімеге тартқан едік.

Қазіргі уақытта өз-өзіне қызмет көрсету кітапханалары ірі сауда орталықтарында, мысалы, ТРЦ «FORUM», ТРЦ «Dostyk Plaza», «Алмалы» қауымдастық орталығында және №97 мектеп-гимназиясында орнатылған. Яғни жоғарыда аталған аппараттар оқырмандарға ашық қордан алынған кітаптарды өз бетінше тіркеуге және оларды кітапханаға немесе автономды автоматтандырылған өз-өзіне қызмет көрсету кітапханаларына қайтаруға мүмкіндік жасалынған.

Бізде кадрлық мәселелер де жолға қойылған болатын. Яғни кәсіби мамандарымыз өз біліктілігі мен білімдерін жетілдіре түсу үшін Еуропа мемлекеттерінде іс-тәжірибеден өтіп келеді. Оның айқын дәлелі ретінде 2024 жылдың 27 мамыры мен 1 маусым аралығында 10 кітапханашымыз Дрезден

жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн», – деп атап өткен болатын. Осы орайда әрбір кітапханашының сапа жағынан да білім жағынан еңбекке адал берілгендігі оның адамгершілігі мен үлкен жауапкершілігін айқындап отыр. Мұның тағы бір дәлелі – кітапханаға келген оқырмандардың көптігінен кезек күтіп тұруы көңіл қуантады. Қазіргі уақытта кітапханашы маманды бесасап маман деп айтсақ, қателеспейміз. Әрбір оқырманның сұранысын орындап, қажетті ақпараттарын дер кезінде қолдарына жедел жеткізеді. Ал енді сол кітапханашылардың жағдайына тоқталсақ, 2023 жылдың тамыз айынан бастап Алматы қаласы Мәслихатының шешімімен қызметкерлердің жалақысы, қосымша төлемдер мен жұмыс ауқымының кеңеюіне арналған үстемақшадан тыс, 30%-ға артты және 2024 жылы қызметкерлердің жалақысы тағы 25%-ға көтеріліп, еңбек нарығына сай жағдайлары да жасалып отыр. Бұл тек қана айлық көрсеткіштерімен емес, одан тыс кітапханашы маманының шет мемлекеттермен өзара ынтымақтастық негізде іс-тәжірибеден өтіп келулеріне де жағдай жасалып отыр. Тағы да Мемлекет басшысының айтқанын тілге тиек етер болсақ, 2024 жылғы 2 қыркүйекте ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы ел халқына Жолдауында «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», – дегенін мысал етіп алғатаруымызға толықтай негіз бар.

Кітапханалар 24/7 режиміне көшті


– Өскеген ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын қалай оятуға болады? Жалпы, алматылықтардың кітап оқуға деген ынтасы артып келе ме?

– Әрине! Оның айқын айғағы – «еңбектеген баладан, еңкейген қарияға» дейін кітап оқуды трендке айналдыруы. Бұл кітапханашылар үшін де, қоғам мәдениетінің болашағы жарқын қалыптасуы үшін де үлкен жетістік. Ақпараттың айқасқан уақытында ақиқаттың аламанына анық көз жеткізу мақсатында алматылық оқырмандардың кітап оқуға, оны зерделеуге деген құлшынысы өте жоғары деп айтар едім. Себебі, кез келген салалық бағытта, бизнес бағытта немесе көркем әдеби шығармалар бағытында оқу, оны көңілге тоқу жағынан тек қана алматылықтар емес, жалпы қазақстандықтардың кітап оқуға деген ынтасы мен талпынысы әлдеқайда артқан. Мұның бірден-бір дәлелі – қазіргі уақытта кітап оқудың трендке айналғандығы.

– Өзіңіз басшылық ететін кітапхананың хал-ахуалы, жетістіктері туралы айтсаңыз?

– Кітапханалар кез келген қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқаратыны даусыз. Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы 1976 жылы ақпарат, рухани тілдесу және жастардың демалыс орталығы ретінде құрылып, республикалық маңызы бар кітапхана мәртебесін алған. ҚР Үкіметінің Қаулысымен 1996 жылы кітапханаға қазақтың ұлы ақыны, жыршы Ж.Жабаевтың есімі беріліп, 2008 жылы Алматы қаласының коммуналдық меншігіне өткен. Ал Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрамына 2016 жылы енгізілді. 2018 жылы кітапхана «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында толық модернизациядан өтіп, заманауи бейнеде оқырмандарына қайтадан есігін ашты. Қазіргі уақытта Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде (ОКЖ) 28 филиал жұмыс істейді. Яғни ОКЖ филиалдарының 95%-ы жаңғыртудан өткен. 2023 жылдың 17 маусымында Түркістанда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» Ұлттық құрылтайының екінші отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 24/7 режимінде жұмыс істейтін кітапхана құру идеясын ұсынған болатын. Осы идеяны жүзеге асыру негізінде қазіргі таңда үш филиалымыз – «Alatau Creative Hub» орталығы, өзім басшылық жасап отырған Жамбыл атындағы ҚЖК және №4 филиал 24/7 режимінде барлық тұрғындарға онтайлы қызмет көрсетеді және оқушылар мен студенттер арасында өте танымал деп сеніммен айта аламын.

Алматы кітапханалары 2023 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасын жүзеге асыру аясында кітапханалық қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Кітапханалық ақпараттық жүйе енгізіліп, электронды оқу залы құрылған және бірегей тегін оқырман билеті енгізілген. Сондай-ақ, кітапхана ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолжетімділікті арттыруға үлкен көңіл бөледі. Жеті филиалда арнайы оқу орындары жабдықталып, Брайль карпі бар пернетақталар орнатылды, олар мәтіндерді енгізу және компьютерді басқару үшін пайдаланылады, арнайы экранды үлкейткіштер мен кітаптарды нақты уақытта Брайль карпіне аударуға арналған сканерлер орнатылған. Есту және көру мүмкіндігі шектеулі 6 қызметкер жұмысқа алынып, олар жоғарыда аталған техникалық құралдарды қолдануда көмек көрсетуде.



(Германия) және Лозанна (Швейцария) қалаларында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, курстарды аяқтағаннан кейін әр қызметкер арнайы сертификат алып келгендігін тілге тиек етемін.

Жаңа буын оқырмандары қалыптасып келеді

– Егер жас талантты адам өзінің кітабын жарыққа шығарса, сіздің кітапханаға қалай өз туындысын өткізе алады?

– Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында ай сайын ең аз дегенде, 4-5 ақын-жазушылар өздерінің жаңадан шыққан кітаптарының тұсаукесерлерін өткізіп тұрады. Бізде тек қана кітап тұсаукесерлері емес, әртүрлі бағытта құндылықты арттыру негізінде өтетін шаралар мен өзін дамыту бағытында ашылған клубтар өте көп. Әрине, әрбір қаламгердің жаңа басылымдарын оқырмандар сұранысына сай қамтамасыз етіп отырамыз. Әрбір қаламгер өзінің төл туындысын бізге өткізгенде олардың оқырмандары көбеймесе, кеміген емес. Біз жаңадан түскен әр кітапты өңдеуден өткізіп, оқырманның сол шығарманы ерте пайдалануын қамтамасыз етеміз.

– Алматы кітапханашыларына қаншалықты жағдай жасалған деп ойлайсыз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022



– Жас оқырмандарды кітап оқуға қалай үйретуге болады?

– Бұл тұрғыда бір қадам алға шықтық деп айта аламын. Себебі, толықтай жаңғыртудан кейін кітапхана Silent zone (Тыныш аймақ), Single zone (Жеке аймақ), Public space (Топтық аймақ), Atrium сияқты аумақтарға бөлінген, wi-fi-ға еркін қолжеткізу мүмкіндігі бар компьютерлермен жабдықталған. Модернизация кітапхананы коворкинг-орталығымен табысты біріктіріп алға шығарды, оның басты идеясы – жастардың бос уақытын тиімді, пайдалы өткізуіне себеп болу және еркін пікірлесу алаңын қалыптастыру болатын. Сондықтан да кітапхана рухани даму әрі шығармашылық алаң болғандықтан түрлі тақырыптағы іс-шаралар, тренингтер, семинар, мастер-клубтар, ағылшын тілі курстары, клубтар бар. Әрине, тек оқырмандар ғана емес, қаламгерлердің, оның ішінде жас қаламгерлердің бас қосатын, әңгіме-дүкен құратын орнына айналды. Кітапхана локациясында телеарналар мен YouTube каналдарының түсірілімдері болады. Бұл – әлеуметтік желілерде кітапхананы насихаттайтын бірден-бір «жарнама». Кітапханаға күніне үш жүзден мыңға дейін оқырмандар келеді. Негізгі оқырмандар категориясы – жастар. Жаңадан тіркелуші оқырмандар күнделікті елуден екі жүзге дейін жетіп-артылады.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ

КӘСІБИ БЫЛІКТІЛІК – маңызды құндылық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қарапайым еңбек адамына құрмет көрсету керек екеніне ерекше маңыз берді: «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», – деді. Президент бастамасына орай Алматы қаласы әкімдігі Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасы алып мегаполисте өздерінің ақ-адал жұмысымен көзге түсіп, аянбай тер төгіп, халқына қызмет етіп келе жатқан еңбек адамдарына құрмет көрсетудің бірден-бір үлгісіне айналды.

«Алматы ақшамының» журналистері «Еңбек адамы – 2024» жобасы бойынша жыл үздіктері атанған қаламыздың қарапайым тұрғындары жайлы жарияланымдарды жиі беріп келеді. Бүгін оқырмандарымызды биылғы жыл үздігі атанған тағы бірнеше еңбек адамдарымен таныстырмақпыз.

«Ұлттың зияткерлік қуаты»

«Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауындағы сөзі. Президенттің ұстаздары «ұлттың зияткерлік қуаты» деп бағалауы бекер емес. Себебі, ұстаз – тек білім берумен шектелетін маман емес, ол қоғамға өлшеусіз үлес қосып, ел ертеңі болатын адал азаматтарды тәрбиелейтін еңбек адамы. Өз жұмысы арқылы бір жағы шәкірт тәрбиелеп, бір жағы ғылымды қатар алып жүрген үлгілі маман – **Мәлдір Абдраймова**. Ол Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Ғылым департаментінің директоры болып жұмыс істейді. Қажырлы еңбегімен көзге түскен ұстаз Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне қосылды.

Халқымыз «Жаксыдан жақсы туар жарқылдаған» деп айтқандай, Мәлдір Абдраймова жақсылардың отбасында дүниеге келген. Алматылық еңбек адамының әкесі – Рашид Абдраймов химия пәнінің мұғалімі болған. Кейіпкердің анасы – Нұрсұлу Абдраймова да өмірін ұстаздыққа арнаған адам. Ұстаздар отбасында 5 бала болса да, бауырларының ішінде әке мен ана жолын қуып, педагог болған Мәлдір Рашидқызы.

– Әкем өмірім ұстаздыққа арнаған адам еді. Ол кісі өте салмақты, білімді тұлға болды. Абай атындағы ҚҰПУ бітірген. Анам да өмір бойы ұстаз болып еңбек етті, қазіргі таңда зейнеткер. Ата-анамыз педагог кісілер болғандықтан, біздің тәрбиесімізге көп көңіл бөлді. Өзімізде «мұғалімнің қызы» деген атқа лайық болуға тырыстық. Сол кісілерден алған тәлім-тәрбиеміз бізді бүгінгі жетістіктерге жеткізіп отыр, – дейді Мәлдір Рашидқызы.

Ол еңбек жолын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Химия» кафедрасында оқытушы ретінде бастаған. Жоғары оқу орнында 2 жыл жұмыс істегеннен кейінгі жылдары білімін толықтырады. 2018 жылы ҚазҰҚПУ-нің Оқу үдерісі бөлімінің басшысы қызметіне келеді. Докторантурада оқып, көптеген ғылыми конференцияларға қатысып, ғылыми жобаларда жұмыс істеген ол жаңа синтездер жасап, әлемдегі ғылыми жаңалықтар бойынша тәжірибе өткізгісі келді. Сондықтан да Ғылым бөліміне жоба-менеджері қызметіне ауысады.

Ғылым бөлімінде нәтижелі жұмыс істеген маман еңбегіне сай жаңа қызметтерге көтерілді. Қазіргі уақытта ол ҚазҰҚПУ Ғылым департаментінің директоры қызметін атқарады және ҚР Ұлттық Ғылым академиясының жанынан құрылған Жас ғалымдар кеңесінің президиум мүшесі.

– Департамент басшысы ретінде мен магистратура және докторантура тәлімгерлерінің білім бағдарламасына жауаптымын. Бірақ әкімшілік жұмыстан бөлек «Химия» кафедрасында қауымдастырылған профессор ретінде жас ғалымдармен бірге ғылыми зерттеулер жүргіземіз, ғылыми жобалар дайындаймыз, – деп нақтылады маман.

Мәлдір Абдраймова білімін жетілдіруді бүгінгі күні де тоқтатпаған. Ол Ғылым және жоғары білім министрлігінің «500 ғалым» бағдарламасының иегері атанып, 2022 жылы Стамбул қаласындағы университеттің «Наноматериалдар және нанотехнология» институтында ғылыми тағылымдамадан өткен. Қазіргі уақытта бос уақытында рухани кітаптарды оқудан бөлек, ғылыми мақалалармен танысып, олар бойынша тәжірибе жасағанды ұнатады.



«Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды»

Көзге көп көріне бермейтін, бірақ оларсыз халықтың тұрмыс-тіршілігін елестетуге болмайтын мамандықтар бар. Олардың бірі – слесарь жұмысы. Асқан шеберлік пен қажырлы еңбекті қажет ететін бұл мамандық иелерін – нағыз еңбек адамдары деп айтуға болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды» деп атап өтті. Алматыда көп жылдан бері өз кәсібімен адал айналысып жүрген жұмысшылардың бірі – **Манатбек Сейдуалиев**. Ол «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-ында жылу желілерінің құрылыстары мен жерасты жылу құбырларына қызмет көрсету бойынша слесарь болып жұмыс істейді. Маманның көпжылдық еңбегі бағаланып, ол да «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, алдыңғы буынның жолын қуып, бір салада әкесі мен баласы жұмыс істейтін отбасылар Қазақстанда баршылық. Олардың бірі әрі бірегейі – Сейдуалиевтер отбасы. Отбасының тірегі Манатбек Рахымбайұлы жылу беру саласында жұмыс істеп жүргеніне 35 жыл болса, жұбайының бұл саладағы еңбек өтілі 15 жылға жакындаған. Қазіргі уақытта тәжірибелі маманның қызы да осы салаға аяқ басып, жұмыс істеп жүр. Техникалық салада отбасы ішінде алғашқы болып жол салған Манатбек Сейдуалиев Жамбыл облысы Шу өңірінің тумасы.

Еңбек адамы атағына лайықты маман еңбек жолын әскерден келгеннен кейін Алматыда бастаған. Шаһарды жылумен қамтамасыз ететін екінші Жылу электр орталығына (ЖЭС) алғашқыда қараушы слесарь ретінде жұмысқа тұрады. Мұнда жылдар өте тәжірибе жинаған маман 2001 жылы «Алматы жылу жүйесі» компаниясына ауысады. Бүгінде Манатбек Сейдуалиев 5 разрядтағы слесарь-бригадир болып еңбек етеді.

– Жұмысымыз өте жауапты. Мұнда қателесуге болмайды. Әйтпесе, барлық қалаға зияны тиіп кетуі мүмкін. Сондықтан біз қызметімізге мұқият қараймыз. Жұмысымыз өзіме ұнайды – осында жүріп үйлі болдым, балаларым өсіп, немере сүйдім, – дейді алматылық еңбек адамы ағынан жарылып.

Манатбек Рахымбайұлының жұмыс күні таңғы 8-де басталады. Ол келе салып, жылу желілерінің құрылыстары мен жерасты жылу құбырларында ақаудың бар-жоқтығын қарап шығады. Егер қандай да бір төтенше жағдай бола қалса, жылу мен су беруді тоқтатады.

– Біз, ПИК, яғни Пәтер иелері кооперативтерімен бірлесе жұмыс істейміз. Егер бір жерде құбыр жарылса не басқа оқиға болса, жөндеу жүргізетін бригадаларымыз оқиға орнына барып, бәрін қалпына келтіреді. Біздің қызметіміз – жылу мен су беруді өшіріп, жөндеу жұмыстарынан кейін қайта іске қосу. Менің жұмыс күнім 17.00-де аяқталады. Бірақ мекемеде жұмыс тоқтап қалмайды. Түнгі уақытта кейде төтенше жағдайлар болады. Арнайы қызмет түнде болған оқиғалар, істелген жұмыстар жөнінде жазба қалдырады. Оны тәнертен қабылдап, ары қарай жылу құбырлары мен жылу желілерін өзіміз қадағалаймыз, – деп атап өтті ол.

Тәжірибелі маман өзінің негізгі міндеттерінен бөлек жас мамандарға қамқорлық көрсетіп, білгенін үйретеді. Оның айтуынша, бұл салада жақсы маман болудың сыры – күнделікті жұмыстың қыр-сырын үйренуге талпынып, тәжірибе жинау.

– Жұмысқа келіп жатқан жас мамандар көп. Бірақ көбінің әлі ішкімі жоқ. Оларды үйретуге де біраз уақыт кетеді. Олардың разрядтары бізден төмен болады. Тәжірибе жинағаннан кейін біртіндеп емтихан тапсырып, разрядтары өсе береді. Мен жастарға қолдан келгенше ақыл-кеңес беріп, үйретуге тырысамын. Біздің жұмыста жақсы маман болу үшін бастысы уақыт пен үйренуге деген құштарлық қажет деп ойлаймын, – дейді маман.

Манатбек Сейдуалиев – жұмысына сыйлы маман әрі үлгілі

әке. Жұбайымен бірге 4 қыз тәрбиелеп, бүгінгі күні немерелер сүйіп отыр. «Алматы жылу жүйесінде» жұмыс істейтін ата-анасына қарап, қыздарының бірі техникалық мамандықты игеріп шыққан. Ол қазіргі уақытта «Алматыжылуэкоэнерго» компаниясында инженер-техник болып жұмыс істейді. Ал алматылық еңбек адамының өзі «қыздарымыз жұбайым екеуміздің жолымызбен жүргеніне қуанамын» дейді. Сондай-ақ, Манатбек Рахымбайұлы бос уақытын жақындарымен өткізгенді ұнататынын атап өтті.

«Спорт шыңы – Олимпиада деген сөз бекер емес»

Әлем алдында өзінді мойындатудың бірден-бір жолы – спорттағы жетістіктер. Олимпиада, әлем чемпионаты сынды дүниежүзілік додаларда топ жарып, әнұранын әлем алдында шырақтатын елдердің мерейі әрдайым үстем болмақ. Осы тұста, әлемдік жарыстарда жеңісті жұлып алатын шебер де мықты спортшыларды тәрбиелейтін бапкерлердің орны бөлек. Жақсы жаттықтырушы қыз-жігіттердің бойынан талантты байқап, олардан чемпион шығара алады. Еліміздегі мұндай бапкерлердің бірі – **Долқунжан Камеков**. Ол биыл Париж Олимпиадасындағы шәкіртінің жетістігі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Құрмет» орденімен марапатталды. Өмірін спорт пен боксқа арнаған алматылық маман Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді. Ол бүгінгі күні Мамандырылған жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде Әйелдер боксы бойынша жоғары санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі жаттықтырушы ретінде жұмыс істейді.

Долқунжан Камеков Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Добын ауылында дүниеге келген. Жеті баланың арасында өскен ол бала кезінен спортқа бейім болыпты. Бірақ өзге қатарластары секілді спортшы болуды емес, бірден бапкерлікті мақсат еткен. «Бала кезімнен бапкер болғым келді. Себебі, әкем – Тұрсын мұғалім болды. Әкемнің бауырлары да білім беру саласында жұмыс істеді. Осы салаға бет бұрғаным содан болар», – дейді бүгінде бапкер.

Долқунжан Камеков Алматыдағы Спорт және туризм академиясында оқыған. Алғашқы жұмысын 1990 жылдары Республикалық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінен бастапты.

– Бапкер ретінде еңбек етіп жүргеніме 30 жылдан астам уақыт өтті. Еңбек жолымның басында жас спортшылармен жұмыс істедім. Алғашқы шәкірттеріміздің бірі – Ділмұрат Межитов. Ол Қазақстан чемпионы, Спартакиада чемпионы, Astana Arlans сапында әлем чемпионы болды. 2017 жылы Алматы қаласының Мамандандырылған жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде жұмысқа ауыстым. Жас спортшыларды баптап үйренгендіктен, ересектермен жұмыс істеуде қиыншылық болғаны рас. Енді әр саланың өзіндік қиындығы болады. Бізде жарысқа, оқу-жаттығуларға барған кезде қаражат жазғынан қиындық туындайтын, – деп еске алады Долқунжан Камеков.

Талай халықаралық жарыстарға барып, талай кәсіби спортшыларды тәрбиелеген бапкер биыл алғашқы Олимпиадасына барып келді. Әлем көз тіккен төртжылдықтың басты додасы Долқунжан Камеков пен шәкірті Назым Қызыбай үшін сәтті болды. Бокстан Қазақстан намысын 51 келіде қорғаған Назым Олимпиаданың қола жүлдесін жеңіп алды. Бұл жеңістің артында қазақ қызының шеберлігі мен ерлігінен бөлек жеке бапкері Долқунжан Камековтің үлкен еңбегі жатқаны сөзсіз. Жаттықтырушының төккен тері мемлекет деңгейінде де мойындалып, оған «Құрмет» ордені берілді.

Жаттықтырушының айтуынша, Олимпиада өзге халықаралық жарыстарға қарағанда ерекше сезіледі. Ал Олимп шыңын бағындыратын спортшыларды дайындау бала кезден басталып кетеді.

(Жалғасы 10-бетте)

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК – маңызды құндылық

(Жалғасы. Басы 9-бетте)

– Олимпиадаға баратын жақсы спортшы бала кезден бай-қалады. Банкерлер «жақсы материал» деп те айтады. Жоғары нәтижеге жету үшін спортшы мен банкер басынан бастап үлкен мақсат қоюы қажет. Одан кейін тыңбай еңбек етіп, қиыншылықтарға көну керек. Олимп жолында көптеген тосқауылдар болады. Қиындыққа мойымай, мақсаты үшін аябай еңбек еткен адамдар ғана осы шыңды бағындыра алады. Мен биыл Олимпиадаға бірінші рет бардым. Бұрын бұл жарыста Әлем, Азия чемпионаты секілді өтеді деп ойлайтынмын. Дегенмен, олай емес екен. Олимпиадада жауапкершілік пен бәсекелестік деңгейі өте жоғары болады. Спортшы да, банкер де осындай қысымға дайын болуы керек. Спорттың шыңы Олимпиада деген сөздің бекер еместігін сезіндім, – деді жаттықтырушы.

Осы уақытқа дейін 50-ден астам әртүрлі халықаралық жарыстардың чемпиондары қолынан өткен Долқунжан Камеков жан жарымен бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан төрт немересі бар. «Балаларымның барлығы қай салада жүрсе де, өз денсаулықтары үшін күнделікті спортпен айналысқанын қалаймын» дейді ол. Ал өзі жұмыстан бос уақытында сурет салғанды ұнатады.

– Бала кезімізден сурет салуды жаным сүйеді. Бос уақытыmda сурет салып, миымды тынықтырамын. Сондай-ақ, кітап оқығанды, жарыстан кейін тауға шыққанды ұнатамын, – дейді еңбек адамы.

«Жаяу жүріп, қаланы сәулетші ретінде зерттеген ұнайды»

Актөреқожа Нұрқожа – «АлматыБасЖоспар» ғылыми-зерттеу институтының аға сәулетшісі болып жұмыс істейді. Мегаполистің өсіп-өркендеуі жолында жұмыс істеп жүрген білікті маман Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының жеңімпаздар тізіміне енгізілді.

Актөреқожа Нұрқожаның әкесі – тамақ өнеркәсібі жөніндегі инженер технолог болса, анасы – педагог. Өзінен үлкен 3 әпкесі мен бауыры бар. Үйдегі үлкен әпкесі бүгінгі күні дәрігер болып жұмыс істейді, ал қалған бауырлары – кәсіби музыкант-скрипкашылар. Өзі бала кезінен архитектор болуды армандаған екен. «Ес білелі бері сәулетші болуды армандадым. Оқушылар сарайында сәулетшілік үйірмесі болды. Біз оған қатысып, әртүрлі ғимараттардың пішінін жасайтынбыз. Бұл жұмыс маған қатты ұнап, архитектор болғым келетінін ата-анам айтты. Олар менің таңдауымды қолдады», – деп еске алады маман.

Арман қуған Актөреқожа 2012 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне «сәулетші» мамандығына оқуға түсіп, 2017 жылы оны үздік бітіреді. Елордада біраз тәжірибе жинаған маман кейін Алматы қаласына көшіп келген. Бүгінгі күні Актөреқожа Нұрқожа «АлматыБасЖоспар» ғылыми-зерттеу институтының аға сәулетшісі болып жұмыс істейді. Өзінің айтуынша, қазіргі уақытта қаланы дамыту үшін маңызды бар көптеген жобалармен айналысады.

– Институтымыз қаламыздың полиорталықты дамуын көздейтін «Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары» әзірледі. Соной-ақ, біз Райымбек көшесін жаңғырту бойынша жобаны дайындап жатырмыз. Ол қоғамдық көлік жолын ретке келтіруге және жалпы көшенің бір дизайн-кодқа сәйкес келуіне әкеледі, – деді ол.

Актөреқожа Еркінқожаұлы сәулетшілердің жұмысын хирурттардың жұмысына теңестіреді. Айтуынша, екі мамандықта да жауапкершілік көп және жұмыс барысында асқан дәлдік пен есепті талап етеді.

– Хирург білімі арқылы адамның өмірін сақтап қала алады немесе оған зияны тиіп кетуі мүмкін. Сол секілді, архитектор қаланың тыныш-тіршілігін жақсартып, оған оң әсер ете алады. Алайда, асығыс шешім қабылдаса қала мен оның тұрғындарына зияны тиюі де мүмкін. Сондықтан сәулетші әр сызбасы, жобадағы әр нысаны арқылы не істегісі келетінін, қандай мақсаты бар екенін түсінуі қажет. Жалпы, жұмысымыздың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Әр жоба бойынша жеке ізденіп, жаңа шешімдер іздейміз. Жобалау кезінде адам өміріне әсер ететін барлық салаларды есепке аламыз, – деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, сәулет саласында 10 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан алматылық маман жас архитекторларға барынша көмектесіп, олардың жұмысын бақылағанды ұнатады.

– Сәулетші жұмысын IT маманның жұмысымен де салыстыруға болады. Екеуінде де көп ізденіп, көп еңбек ету қажет. Бірақ IT саласында нәтиже жылдам келетін болса, сәулет саласында бәрі керісінше. Сондықтан кез келген адам архитектор бола алмайды. Маған жас сәулетшілердің ой-пікір, ұсыныстарын тыңдап, жобаларын бақылаған ұнайды. Себебі, жас мамандардың әр нәрсеге өзіндік ерекше көзқарастарды болады, – деді сәулетші.

100-ден астам жобаны әзірлеген маман бүгінгі де жұмысқа деген қызығушылығы мен ынтасы азаймаған. Ол жұмыс уақыты аяқталса да, басталған істі соңына дейін жеткізу үшін жиі түнге дейін қалады. Ал бос уақыты бола қалса, қала көшелерінде серуендейді. «Жаяу жүріп қаланы сәулетші ретінде зерттеген ұнайды» дейді ол.

Табиғат пен тазалық адамды емдейді

Әлемде жыл сайын экологиялық сұрақтардың өзектілігі артып келеді. «Экология мәселесі әрқашан өзекті, тіпті, ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек болады. Себебі, тұрғындардың денсаулығы, тұрмысы қоршаған ортаның жағдайына тікелей байланысты» деді Президент. Еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматыда да мұндай мәселелердің бар екені анық. Бірақ қаланы адамдардың тұру үшін қолайлы әрі қауіпсіз ету үшін еңбек етіп жүрген мамандар да аз емес. Олардың бірі – Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасында штаттас тыс техникалық маман болып жұмыс істейтін сарапшы-эколог **Назия Аухинова**. Мегаполистегі экологиялық мәселелердің нақты шешімдерін іздеумен айналысатын маман Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне қосылды.

Ақтөбе облысында дүниеге келген Назия Аухинова мектеп бітіргеннен кейін қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Механика-математика факультетінде білім алған. «Мен өз еңбек жолымды – С.М.Киров атындағы машина жасау зауытында бастадым. Онда бас технолог бөлімінде жұмыс істедім. Біраз уақыт өткен соң, Қазақ автомобиль-жол институтына ауысып, бұл жерде автокөлік кәсіпорындары үшін шекті рұқсат етілген шығарындыларды белгілеу бойынша мәселелермен айналыстым. Яғни экология саласындағы жұмыс осы кезде басталды», – дейді маман.

Институтта жоғары біліктілігімен көзге түскен Назия Нұртазқызы бүгінгі Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасына арнайы шақыртуымен барып, онда 9 жылдай жұмыс істеді. Басқармада физика-математика, биология бағыттарына жетекшілік етті. Қазір Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасында штаттан тыс техникалық маман, сарапшы-эколог болып жұмыс істейді. «Басты міндеттеріміздің бірі – экология мәселесіне байланысты сұрақтарды қарастырып, олардың шешімін іздеу. Жұмысымызға байланысты көптеген нормативтік құқықтық құжаттарды оқуға тура келеді. Себебі, экология қоғамдағы өзге салалармен тікелей байланысқан. Құрылыс, қаланы жоспарлау, білім, экономика – бәрінің экологияға әсері бар», – деп атап өтті ол.

Назия Нұртазқызы еңбек жолын 1979 жылы бастаған, биыл тәжірибелі маманның ғылым мен экология саласында жұмыс істеп жүргеніне 45 жылға жақындады. Оның ішінде Алматының Экология және қоршаған орта басқармасында еңбек еткеніне 18 жыл болды.

– Экология басқармасы 2005 жылы құрылды, ал мен оған 2006 жылы келдім. Осы жылдардың ішінде Экологиялық ақпарат бөлімін басқардым. Қазіргі уақытта зейнетке шықсам да, штаттан тыс маман ретіне жұмыс істеп келемін. Себебі, бағыттан, көмектесуді қажет ететін жас мамандар өте көп. Оларға біз секілді тәжірибелі мамандар экологиялық мәселелерді шешудің жолдарын, заңнамаға қажетті өзгерістер енгізу үшін ұсыныс жасаудың мүмкіндіктерін көрсетуіміз керек, – деді Назия Нұртазқызы.

Тәжірибелі маман эколог мамандығының қоғам үшін маңыздылығына тоқталып өтті. Оның айтуынша, Экология басқармасы және одан жұмыс істейтін қызметкерлер қаланың ластанбай, адамдар үшін қолайлы әрі таза болуы үшін еңбек етеді.

– Біздің басқарма ауа мен өзен-көлдеріміздің тазалығын сақтап, қаланың жасыл қорын көбейтуді және өзге экологиялық сұрақтарды шешуді алдына мақсат етеді. Мысалы, Алматыда 40-тан астам үлкенді-кіші өзен мен 44 су қоймасы бар. Оның барлығы Экология және қоршаған орта басқармасының бақылауында. Табиғат пен тазалық адамды емдейді. Бүгінгі күні қаланың күйбең тіршілігінен шаршаған алматылықтар мегаполис ішіндегі Тұңғыш Президент атындағы саябақ, Бас Ботаникалық бақ сынды жасыл аймақтарда демала алады. Ал мұндай жасыл жселектің сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, көбейе беруіне тікелей экологтар атсалысады, – дейді ол.

«Еңбек адамы» атына лайық маманның 2 баласы және 6 немересі бар. «Олар менімен көрісу үшін демалыс күнді асыға күтеді, үй табалдырығынан аттамай жатып, «әже» деп күтіп алады» дейді ол. Сондай-ақ, Назия Аухинова балалардың бойына табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін сіңіру маңызды екенін атап өтті. Немерелерімен бірге жиі уақыт өткізетін әже оларға осы құндылықтарды әрдайым айтып жүреді.

– Балаларымызға кішкентай күнінен табиғатты аялау керек екенін үйретуіміз керек. Сонда бізде экологиялық мәдениет қалыптасады. Мен жиі немерелерімен бірге табиғатқа шығып, көрінген жерге қоқыс тастамау керек екенін, өсімдіктерді бей-берекет жұлуды болмайтынын айтамын, – дейді Назия Аухинова.

«Мақсатымыз – жастар мен қала тұрғындарына жан-жақты көмектесу»

Әділетті Қазақстан құру жолында жастардың орны ерекше екені сөзсіз. Мемлекет басшысы биыл ақпан айында өткен Президенттік жастар кадр резервінің форумында: «Мен сіздерге зор сенім артамын. Экономикада, мемлекеттік қызметте немесе басқа секторда жұмыс істеп жүрген жастарымызға қолдау білдіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын» деп айтқан болатын.

Бүгінгі күні еліміздің барлық өңірлерінде, оның ішінде Алматы қаласында жастар мен еңбек жолын енді бастаған жұмысшыларды қолдау үшін жан-жақты іс-шаралар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, қалалық Жастар саясаты басқармасы мегаполисте жастар жұмыссыздығының деңгейі 2024 жылдың I тоқсанында 5,2%-дан 4,6%-ға дейін төмендегенін хабарлаған болатын. Жас та болса бас болып, алматылық жастарға өз еңбегімен үлгі беріп жүрген еңбек адамдарының бірі – **Жібек Бахитова**. Ол бүгінгі күні Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының Демалыс орталықтарымен жұмыс жөніндегі фронт-офис басшысы ретінде жұмыс істейді.

Жібек – Алматы қаласының тумасы. Әкесі Ерлан Бахитов өндіріс саласында жұмыс істесе, ал анасы Дәмегүл Керімбаева кәсіби аспазшы. Дегенмен, ата-әжесінің тәрбиесін көріп, екі інісімен бірге үлкен отбасында өскен алматылық маман үйдегі үлкендердің мамандықтарына ұқсамайтын шығармашылық жолды таңдауды армандаған. «Бала кезімде суретші болғым келді. Әлемге танылатын картиналар салып, дүние жүзіне атымды шығарғым келетін. Атам бала кезде «осы қыз Президент болады» деп айтып отыратын. Бірақ шын мәнінде, әлеуметтік салада халық үшін қызмет атқарып жүретінімді білмедім. Бүгінгі мақсатым – елге пайдамды тигізіп, ел есінде адал еңбек еткен азамат ретінде қалу», – дейді ол.

Демалыс орталықтарымен жұмыс жөніндегі фронт-офистің бүгінгі басшысы алдымен Алматы қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы №130 гимназияда, одан кейін Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде білім алған. 12 жылдық оқуын аяқтағаннан кейін Қазақ-Британ техникалық университетіне түсіп, мұнда «Қаржы» мамандығын игеріп шығады. Жібек Ерланқызы осы жылдары оқуымен қатар Еріктілер лигасы және Qamqor charity қорында волонтер ретінде жұмыс істеп, әртүрлі әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысады.

– Ерікті ретінде жұмыс істеп жүріп әлеуметтік салаға қызығушылығым артты. Әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырудан тәжірибе жинай бастадым. Қоғамдағы неше түрлі адамдармен байланыс орнатуды үйрендім. Осылайша бүгінгі қызметіме келдім. Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорында еңбек етіп жүргеніме екі жыл болды, – дейді Жібек.

Оның айтуынша, 14 жастан 18 жасқа дейін жасөспірімдер айтылған Демалыс орталықтарында тегін түрде үйірмелерге қатысып, өмірге қажетті қасиеттерді қалыптастыра алады. Бүгінде Алматыда мұндай 100-ге жуық демалыс орталықтары бар. Оның ішінде Жібек Ерланқызы Алматы, Медеу және Түркісіб аудандарындағы демалыс орталықтарының тиімді жұмыс істеуіне жауап береді.

– Әр жұмыстың өз қиындығы мен қызығы болады. Біздің жұмысымыздың бір ерекше тұсы – әр күніміз бір-біріне ұқсамайды. Бір күні қаламыздың қазынасы – қарттарға көмек берсек, ертеңіне балаларға арнап қызықты іс-шара өткізіуіміз мүмкін. Сондай-ақ, жұмыс барысында көптеген жаңа адамдармен танысып, аралас-құралас боламыз. Бірақ біз әлеуметтік салада жұмыс істегендіктен, әр ісімізге мұқият болып, үлкен жауапкершіліктен қараймыз, – деді ол.

Демалыс орталықтарының жетекшісі бір жұмыс күніне қалай өтетінін баяндап берді. Маман түске дейін жобалау және жоспарлау жұмыстарын істесе, күннің екінші жартысында іс шараларға қатысып, ұйымдастырушылық жұмыстармен айналысады.Таңғы асты ішкен соң, жұмыс басталар алдында күнделікті жоспарын қарап шығады. Әдетте, түске дейін манызды жиналыстар өтеді. Жастармен жұмыс істегендіктен, осы кезде алдағы уақытта өткізетін іс-шаралар жоспарланады, қажетті құрал-жабдықтар алады, реттейді және түгендейді. Қысқа түскі демалыстан кейін тікелей ұйымдастырушылық жұмыстарға кіріседі. Күнделікті мақсаты – жастар мен қала тұрғындарына жан-жақты көмектесу.

Сондай-ақ, ол жұмыс барысындағы ерекше бір сәтті еске алды. Маман Алматы комьюнити-орталығында жасөспірімдерге арналған психологиялық тренинг кезінде өз арманын айтқан баланың сөзі ерекше есінде қалғанын айтады.

– Психологпен бірге Алматы комьюнити-орталығының алаңында жасөспірімдерге арнап психологиялық тренинг өткіздік. Іс-шараға 30-ға жуық бала қатысты. Оларға «Болашақта қандай маман болуды армандайсыңдар?» деген сұрақ қойылады. Бірі – мұғалім, екіншісі – дизайнер болғысы келетінін айтады. Осы сауалдың ортасына таяғанда балалардың бірі «әлемнің құтқарушысы болғым келеді» деп жар салады. Өзге балалар бұл сөзді әзілге айналып, күле бастады. Бірақ ол «Өскенде ағаларым секілді Отан қорғаушы болғым келеді, сіздер секілді мұқтаж жандарға көмектескім келеді» деп өз сөзінің мәнін түсіндіреді. Сол кезде балалардың біразы ойланып қалды. Бізде сол күні өз жұмысымыздың салмағы мен жауапкершілігін тағы бір рет түсіндік, – деді Еңбек адамы.

Жібек жұмысынан бос уақытында Алматының тауларына шығып, уақыт өткізгенді ұнатады. «Таудың шыңына шыққанда жаным да тәнім де демалады» дейді ол. Жас та болса бас болған маман Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Мақсат – жұмысшы мамандықтарды дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттау.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РУХАНИЯТ

Алматы қаласының пойыздарында жолаушылар арасында «Almaty aqshamy» газетінің оқылымы күн санап артып келеді. Вагондарда газеттердің таратылуы жолаушылар үшін үлкен жаңалық болып, олардың уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндік туғызды. Әсіресе, ұзақ жолда газет оқуға дағдыланған жолаушылар мен қызмет көрсетуші мамандар бұл бастаманы жоғары бағалап отыр.

САПАРДАҒЫ СЕРПІЛІС

«Almaty aqshamy» жолаушылардың сенімді серігіне айналды



Пойыз бастығы Оспанов Бекзат бұл бастама жайлы өз пікірін былай жеткізді: «Осы жылдан бастап біздің вагондарға газеттер жеткізіле бастады. Бұл бастама жолаушылар арасында ерекше қолдау тапты. Себебі, жолда газет оқуды ұнататындар өте көп. Кейбір кездері жолаушылар қосымша газеттер сұратып жатады. Газет оқу адамның рухани дамуына әсер етеді деп ойлаймын. Әсіресе, қаладағы жаңалықтардан хабардар болып отыру үшін бұл

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өте пайдалы. Газеттегі ақпараттардың шынайылығына сенімім мол, сондықтан оны оқитын жолаушылар санының өсуі бізді қуантады».

Әйелдер вагонының жолсерігі Ходжабай Санияның айтуынша, егде жастағы жолаушылар газеттерге ерекше қызығушылық танытады: «Мен осы салада сегіз жылдан жиі жұмыс істеп келемін. Соңғы екі жылда әйелдер вагонында жақсы көремін. Бұрын да «Almaty aqsham» газеті оқу орындарынан бастап, пойыздарға дейін жиі кездеседі. Әсіресе, мәдени және спорттық шаралар туралы жаңалықтарды оқығанды ұнатамын. Газет – тұрғындарға өз қаласы жайлы маңызды ақпараттарды дер кезінде алуға мүмкіндік беретін құрал. Пойызда газеттердің болуы – жолаушыларға ой түйіп, уақытты пайдалы өткізуге тамаша жағдай жасайды».

Жастар арасында да газет оқуға деген қызығушылық жоғары. Студент Топпыш Зарина өзінің осы бастамаға оң көзқарасын білдірді: «Студент болғандықтан пойызбен жиі жүремін. Мен жаңалықтарды әлеуметтік желіден де, газеттен де бақылап отырамын. «Almaty aqshamy» газеті оқу орындарынан бастап, пойыздарға дейін жиі кездеседі. Әсіресе, мәдени және спорттық шаралар туралы жаңалықтарды оқығанды ұнатамын. Газет – тұрғындарға өз қаласы жайлы маңызды ақпараттарды дер кезінде алуға мүмкіндік беретін құрал. Пойызда газеттердің болуы – жолаушыларға ой түйіп, уақытты пайдалы өткізуге тамаша жағдай жасайды».

Газет оқуға деген сүйіспеншілік үлкен жастағы жолаушылар арасында ерекше байқалады. Зейнеткер Азиза Жамашева пікірі де мұны дәлелдей түседі: «Мен пойызбен жиі қатнаймын, көбінесе ұзақ жолдарда газет оқығанды жақсы көремін. Бұрын да «Almaty aqsham» газетін үнемі алатынмын, енді оны вагондарда таратып жатқанына ерекше қуанамын. Газет арқылы қаладағы маңызды оқиғалардан хабардар болып отырамын. Жолда газет оқу уақыт өткізу ғана емес, сондай-ақ пайдалы ақпарат алудың тамаша жолы деп білемін. Әсіресе, жастардың газетке қызығушылық танытып жатқаны қуантарлық жайт».

Жолаушылар арасында газеттің маңыздылығын ерекше атап өтетіндер көп. Олар үшін газет – тек жаңалық көзі ғана емес, сондай-ақ, білім мен рухани байлыққа апаратын жол. Бұл бастама Алматының тұрғындары мен қонақтарына қаланың тыныс-тіршілігінен хабардар болуға мүмкіндік беріп, ақпараттық қолжетімділікті арттыруда. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ға серіктестік үшін алғысымызды білдіреміз. Бірлесе отырып, біз жолаушыларға ыңғайлы жағдай жасап, олардың сапарларын қызықты әрі пайдалы етуге үлес қосып жатырмыз.

Аязжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЖЕҢІМПАЗДАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ!

Жаңа жыл қарсаңында «Alatau Aqparat» «Аврора Брендс» серіктесімен бірлесе [@aqsham_news](https://www.instagram.com/aqsham_news) Instagram желісін қолданушылары арасында өткізген байқауының жеңімпаздарын анықтады. Олардың қатарында Айнұр Махмұт, Айгүл Базартаева, Әлия Тайшыбекова, Сәбина Жабықанова, Гүлзина Оспанова бар.

Сонымен қатар, бұл күні TikTok қолданушылары арасында өткен байқау жеңімпаздары белгілі болды. Олардың қатарында Әсел Есімқараева, Бәтес Әбжанова, Аманбек Қамбарбеков, Балжан Сыдықова, Мира Балтимова сынды тұрақты оқырмандар есімі аталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАРНАМА

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» КММ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 13.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде бірыңғай экологиялық порталда (ecportal.kz) «Алматы қаласы Назарбаев даңғылының батысында, Ганди көшесінің солтүстігінде жерасты автотұрағы бар саябақ құрылысы» (1-кезең), «Назарбаев даңғылының батысында, Ганди көшесінің солтүстігінде саябақ құрылысының аумағын өзгерту жобасын (бас жоспарын) әзірлеу» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Бұл учаске Алматы қаласы Бостандық ауданында орналасқан. Бастамашы – «Алматы қаласының қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» КММ.

Барлық ескертулер және ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <http://www.ecportal.kz> танысуға болады. ҚОҚ жобасын әзірлеуші: ЖК «Кан Л.В.», Алматы к., Қабанбай батыр к-сі, 184, Тел.: +7 (727) 292-10-01, almatydorproect@mail.ru

Газетіміздің жылашар саны 2025 жылдың 7 қаңтарында шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



Жаңа жылдарыңызбен!

2025

Қаңтар

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Ақпан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28		

Наурыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Сәуір

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

Мамыр

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Маусым

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Шілде

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

Тамыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Қыркүйек

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

Қазан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Қараша

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

Желтоқсан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				